



Дулат Бабатайұлы

Орындаған: Нұркелді Өрен
Татыбаев Ердаулет

Тексерген: Дауытова Аруна

Дулат Бабатайұлы





**1802 ЖЫЛЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ,
САНДЫҚТАС ҚОНЫСЫ — 1874 ЖЫЛЫ ӨМІРДЕН
ӨТКЕН**

«Тегімді менің сұрасаң,
Қалың найман нуынан.
Жырымды менің
сұрасаң,
Сары алтынның
буынан.
Сырымды менің
сұрасаң,
Тұманың тұнық
суынан.
Кеудеме қайғы толған
соң,
Тұнық жырмен жуынам.
Сорғалаған нөсердей
Жырын тыңда
ДУЛАТТЫҢ...»

Сырымды менің
сұрасаң,
Тұманның суық
суындай
Кеудеме қайғы
толған соң
Тұнық жырмен
жуынам.
Сорғалаған
нөсердей,
Жырын тыңда
Дулаттың, - деп
толғанады

САРЫ АЛТЫНДАЙ ТҰНЫҚ ЖЫРДЫҢ ИЕСІ – ДУЛАТ АҚЫН



- ◎ **"Аягөз" атты өлеңінде ашып айтты.**
Тауды екіге жарасың, Арнаң қалды осылып.
Тастың қашап арасын. Күркіреген үніңнен
Кесіп өтіп кезенді, Аңдар қашты шошынып.
Аягөз қайда барасың?.. Қырға суың тарады,
Тарбағатай тауынан Ойға суың барады
Тоқсан сала қосылып, Тоғанменен тосылып.
Тоғыз өзен түйісіп, Қырың-малдың кіндігі,
Ақтың төмен жосылып. Ойың-өнім, егіс қой.
Ағының тасты ағызып,
- ◎ **Дулат "шалқып шапқан жүйріктей" Аягөз өзені мен оның**
шүйгін де жемісті өңірін маржандай таза шұрайлы тілмен
бедерлеген құлпырған суреттермен оқырмандарын
(тыңдаушыларын) елітіп келеді де, кенет сөз арнасын кілт
бұрып:
Айтуға ауыз келе ме,
Аягөз кімнің жері еді? – деп, Аягөздің бүгінгі күніне
оралтады.

- ◎ **"Ақжайлау мен Сандықтас" атты өлеңінде де туып-өскен өңірін "атамның қонған қонысы" деп тебірене, оның келісті көріністерін перзенттік, тіпті сәбилік сүйіспеншілікпен елжірей суреттейді. Жерге қатысты ешкім айтпаған "қызғаныш" сөзін қолданып, ата қонысын:**

Атам қонған кең далам,

Мендей сені қызғанар

Бауырыңда өскен қай балаң? – деп, жас баладай жабыса сүйеді. Ақын бұл толғауында да көкірегіне байланған ескі шеріне қайта оралады:

Өксігінді ойласам,

Ұйқы беріп, қайғы алам.

Қилы-қилы заманды,

Заманға сай адамды

Салғастырып қарасам,

Су мүйіз болған танадай

Шыр көбелек айналам, – деп, елдің еркін, тәуелсіз заманын еске алып, теңселіп кеткендей болады.

Дулат өлеңдерінің ерекшілігі

Дулат - жыраулық мектептен шығып, ақындық мектепті күшейткен суреткер. Бұл - жыраулықтың төмендігінен, әлсіздігінен емес, заман талабынан туған бетбұрыс. 19 ғасырдағы қазақ поэзиясы үшін енді өлең арқылы ақыл-насихат дидактикалық сипат пен заман, қоғам, адам туралы жалпы философиялық толғаныстар аздық етеді. Ендігі жердегі поэзиядан нақтылыққа көшіп, заманға ілесіп отыру, жалпы насихаттан гөрі сынау, күйіну, сүйіну сияқты нақты суреттерге бару талап етіледі. Дулатты кейде, тіпті, жырау деп атағанымен және сырт қарағанда өлең-жырлары 7-8 буынды жыр өлшемімен келгенімен, ол жырау емес, ақын. Өйткені, құрылымдық және тақырыптық бітімі жағынан Дулаттың өлеңдері бұрынғы жырауларды былай қойғанда, тіпті кешегі Бұқар толғауларынан, одан қалды езімен тұстас ақындардың туындыларынан мүлде өзгеше құрылған дүниелер. Жазба поэзияның өлең әдісі ауызша дамыған өлең-жырлардан ерекшеленетін болса, сол өзгешеліктің бірі - шығарманың белгілі мақсатпен ажыратылатын ірі бөліктерге, ғылым тілімен айтқанда, шоғыр (тирада) дегендерге бөлінуі.

Назарларыңызға көп рахмет!

